

## БӨЛІМ: ЭССЕ

## Эссе «Мен қазіргі заман педагогымын»

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.06.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/58579/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ибраева Макпал Кенжебековна

Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласы

№5 «Нұрбөбек» бөбекжай балабақшасы КМҚК

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд:

Жай мұғалім хабарлайды,

Жақсы мұғалім түсіндіреді,

Керемет мұғалім көрсетеді,

Ұлы мұғалім шабыттандырады.

Ұстаз деген сөзді, ұстаз деген мамандықты мен ең қасиетті құндылық деп есептеймін. Себебі, ұстаздың алдына келмейтін адам болмайды. Әр бала үшін ұстаз оның екінші анасы, әкесі, досы. Себебі, баланың кішкентай жүрегі осы ұстаздан жылулықты, қамқорлықты сезіп, қамқоршы ретінде қабылдап, әрі өзінің досындай сырласа алады.

Мен, Ибраева Макпал Кенжебековна Қарағанды облысы Ұлытау ауданында 3 тамыз 1956 жылы дүниеге келдім. 1974 жылы Ұлытау ауданындағы №1 орта мектебін бітіріп, Қарағанды политехникалық институтына түстім. 1977 жылы Жезқазған қаласының педагогикалық институтына ауысып, 1981 жылы физ-мат факультетінің, физика мамандығы бойынша бітірдім. 1981-1985 жылдар аралығында мектепте физика пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқардым. 1985 жылдан осы уақытқа дейін тәрбиеші болып жұмыс істеймін. Осы еңбек жылдарымда бірнеше грамотаға ие болдым. Өз еңбек долымда менің алға қойған мақсатым – балаларды еңбекке үйрету, жан-жақты тәрбиелеу, қоршаған ортаға мейірімділікпен, адамгершілікпен қарау. Бұл мамандықты

таңдау себебім — балаларға деген сүйіспеншілік, болашақ ұрпақты заманауи тәрбиелеу және оқыту үлкен рөл атқарды.

Мен, Сәтбаев қаласындағы №5 «Нұрбөбек» балабақшасында тәрбиеші болып қызмет атқарамын. Қазіргі уақытта 2-3 жастағы балалармен, I кіші «Б» «Сказка» тобында жұмыс істеймін. Бірінші санаттағы тәрбиешімін.

Тәрбиеші - бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы. Сондықтан оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының негізгі құралдарының бірі -орта. Орта бала үшін жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибенің көзі.

Мектепке дейінгі ұйымның тұтас педагогикалық үрдісінде дамытушы ортаның рөлі С.Л. Новоселованың пікірінше, дамытушы заттық орта балалардығ дербес шығармашылық және ойын әрекеттерін ұйымдастыру үшін қажетті материалдар, ойыншықтар, құралдар, іс-әрекетінің материалдық нысаналарының жүйесі. Оның басты бағыттарының бірі балаларды әлеуметтендіру және оған сәйкес заттық дамытушы орта құру.

«Заттық ортаны» осылайша игерудің баланың тұлғалық жағын дамыту, бұйымдық әлемге шығармашылық көзқарасын ояту үшін зор маңызы бар. Баланы әлеуметтендіруде дамытушы заттық ортаны құрудың педагогикалық талаптарға сәйкестігі болашақтың зерттеу мәселесі деп есептейміз. Баланы жан-жақты тәрбиелеу, оның дүние танымын жетілдіру, заттық орта туралы түсінік ой-өрісін дамытып, еңбекке баулу балабақшалардағы барлық топтарға бірдей ортақ міндетер.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін кеңейтудің негізгі айлададағы ортамен табиғат құбылыстарын бақылату. Заттық орта жұмысында айналадағы қоғамдық өмір шындығын, табиғат тамшыларын бақылатып, баланың таным, сезім қабілетін жетілдіру басты рөл атқарады. Балалармен арнайы өтілетін осы жұмыс барысында тәрбиеші әр заттың аты, сапасы, қажеттігі жайында түсіндіреді. Баланы заттың атын сөзбен айтуға үйретеді. Айналадағы қоғамдық өмір өлі, тірі табиғат құбылысын бақылатқан да әр объектіні сөзбен атап, түсіндіріп баланы заттық ортаға сөзбен қызықтырып, қабілетін көзделеді. Баланың ойнайтын алғашқы ойындары бұл заттық ойын. Басқаша түсіндірсек бұл затты игеру. Балалардың ойыншықтарының арасында қуыршақта, сайықмазақта, аюда және ұсақ ойыншықтар да бар. Балалар ойыншықтармен жәй ғана ойнап қоймайды, олар олармен сөйлесе отырып, қарым-қатынаста болады.

Ойынның өзі өмір, бұл баланың жалғамасыз аңғарттығы мен қуанышы. Ойын бала

үшін – бір бүтін әлем. Ойынсыз бала дамуын елестету қиын. Бейнелі ойыншықтар ала үшін, ең жақын достары: мысалы, қуыршақ ойыншықтар адамдарға ұқсаса, ал жұмсақ ойыншықтар нәзік қарым-қатынасты қажет ететінін бала сезіне отырып, оларды құшақтайды, сипалайды. Бала ойнай отырып, айналасындағы адамдардың көптеген әрекеттерін бейнелей алады. (жұмысқа барады, тқскі ас дайындайды, науқас адамды емдейді).

Баланың бұл әрекеттері адамдардың арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді. Қуыршақпен ойнай отырып, қайырымды болады, қамқоршы болады, оған ренжейді. Балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Өзім балабақшада жұмыс жүргізгендегі өзіме ой түйгенім, бала біздің болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттау, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалану, балаларға білім алуға мүмкіндік жасау. Біздің мақсатымыз балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланып, оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, ой -өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Бала бойындағы қалыптасқан жағымды, жағымсыз қылықтарды ескере отырып, жұмыс жүргіземін. Әсіресе, ойын арқылы әр баланы жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке баулимын. Балалардың ойын ойнауға жағдай туғызумен қатар, балалардың ойынға деген белсенділігін үнемі арттырып отырамын. Топта өзара ынтымақтастық жағдайында балалардың ойында өз қалауымен бастауы не болмаса, ойынға өз еркімен қатысуы аса маңызды. Әр ойынның сюжетін өз мәнінде өрбіту үшін , оған атрибуттар, ойыншықтар дайындап отырамын.

Ш.Құдайбердіұлы айтқандай жақсы өмір сүру үшін адамға ең алдымен үш қасиет қажет екендігін түсіндірді. Баланың өзінің қадірін өзі білуге, өзгелердің талқылауына тәуелді болмауға, өзін-өзі жетілдіруге , рухани өмірде және өмірдің алуан түрлі жағдайларына өзінің бағыт- бағдарын айқын жасауына , өз бетімен шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен іс-әрекеттері үшін жауапкершілікпен сезіне білуге тәрбиелейді.

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»-демекші, әрбір адам жақсыға еліктеп, өз өмірін көркейтіп, жаман әдеттен аулақ болу тиіс деп ойлаймын. Әр адам бойында бір жаман

қасиет болса да, жүрек түбінде, қайырымдылыққа, имандылыққа, мейірімділікке, сүйіспеншілік секілді жақсы қасиеттері болады.

Менің ойымша, адам баласы бойындағы жаманнан аулақ ұстаса, жүрегін таза ұстаса, ниеті жақсылыққа негізделген болса, онда ол адамгершілік әрқашанда жаны тыныш болып, ешнәрсе уайымдамай өмір сүретініміз сөзсіз. Қазіргі кезде адамдардың, соның ішінде жас өспірімдердің көбісі өзінің жаман достарына еліктеп, қауіпті ортаға тап болады. Олар әлі бала болғандықтан жаман мен жақсыны, ақ пен қараны айыра алмай жатады.

«Адамның құндылығы неден тұрады?»- деген сұраққа адамның құндылығы тек оның іс-әрекеттерінен ғана емес, оның үнемі өз-өзімен жұмыс істей, өзін-өзі жетілдіре білуінен, өзінің мүмкіндіктерін күн сайын тереңірек танып, біліп, оларды өз өмірі мен қызметінде пайдалана білуден тұратынына жеке-жеке тоқталып, шындыққа қол жеткізетінімізді айтты. Шынында да, өзінің сарқылмас тұлғалық және шығармашылық потенциалын үздіксіз дамытып отыру тіршілік әрекетінің негізгі құралы болып табылады. Шығармашылықпен айналысар кезінде біз шабыт беруіміз керек.

Шабат – тек ізденген адамға ғана кезігетін қонақ. Жалқау адамға жұғыспайды.

Осы құндылықтарды баланың бойына сіңіруге бағытталған ғасырлар бойы мәдени мұра, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аңыз ертегілер, жыр-дастан, даналық сөздер мен ұлы ойшылдардың шығармалары, тағы сол сияқты тағылымды дүниелер мол. Ал бұл құндылықтарды жаңа өскелеңнің бойына дарыту – бүгінгі біздің ұстаздық парызымыз деп ойлаймын.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.